

**2019 жылға арналған Железин ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

Мерзімі біткен

Павлодар облысы Железин аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 2 мамырдағы № 125/5 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 мамырда № 6341 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабы 7-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" № 412 бұйрығына сәйкес, Железин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан, Железин ауданының ұйымдарында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Железин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*К. Кашкиров*

Железин ауданы әкімдігінің  
2019 жылғы "2" мамырдағы  
№ 125/5 қаулысына  
қосымша

**2019 жылға арналған Железин ауданы бойынша бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарға арналған жұмыс орындарының квотасы**

--	--	--	--	--

№ р/с	Кәсіпорындардың, ұйымдардың атауы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Белгіленген квотаның мөлшері %.	Жұмыс орындар саны (адам)
1	"Железин ауданының Кудайберген Альсеитов атындағы Мәдениет үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	137	2%	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК